





# ЕСКЕЛДІ БИ ЖЫЛКЕЛДІЛІГІНІҢ ТУҒАНЫНА – 330 ЖЫЛ



**Қасиетті Қаратал – әулие, би, батырлар мекені. Ұрпағына ұран, даласына дана болған, шашақты найза қолға ұстап жердің тұтастығын, елдің амандығын сақтаған даңқты қолбасшы, суырылып сөз сөйлеген шешен, әділетті ту еткен би, сәуегей әулие Жылкелділі Ескелді батырдың туғанына биыл 330 жыл. Ескелді Жылкелділінің қайраткерлік қызметі жоңғар шапқыншылығы тұсында Сыр бойына үдіре көшкен бір тайпа елді өзінің атақонысы Жетісуға көшіріп келу кезінде жарқырай көрінді. Жалайыр руының Сыршы аталығынан. Қазақ елінің**

**мүддесі үшін өзінің күш-жігерін жұмсап, саналы ғұмырында дамыл таппай істеген іс-әрекетінің арқасында бүгінгі ұрпақ бейбіт заманда өмір сүруде. Ел бірлігін сақтау, теңсіздікке қарсы тұрып жоңғар-қалмақ басқыншыларымен бетпест соғысты. Бүкіл қазақты біріктіруге, әсіресе өз жерінде ұзақ жылдар бойы қан кешкен Ұлы жүз Жалайыр елінің жер бетінен жойылып кетпеуі үшін орасан зор батырлық, билік, әулиелік қабілеттерін көрсетті.**


7 - желтоқсан күні аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сай мектеп оқушылары арасында Ескелді

Жылкелділінің шығармаларын насихаттау, прозалық шығармаларға деген құштарлығын арттыру мақсатында М.Маметова атындағы орта мектебінде аудандық «Ескелді би» оқулары өтті. Биыл ел бастаған - шешен, қол бастаған - көсем Ескелді бидің туғанына 330 жыл толды. Дана бидің шығармаларын оқушылар кеңінен насихаттап, өзара жарысқа түсті.

Оқулар нәтижесі төмендегідей: Орта мектептер арасында I орынды Жақыпбаев атындағы орта мектебінің оқушысы Әділбекұлы Жәнібек, II орын Балпық би атындағы орта мектебінің оқушысы Камалдинова Аяна, III орын Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің оқушысы Ризабекқызы Нұрсабилә иеленді. Номинация иегерлері: «Көрермен кезайымы» Жалғызбағаш орта мектебінің оқушысы Ажболат Ақжүрек, «Жас талапкер» Қарабұлақ орта мектебінің оқушысы Мұса Медина, «Сәтті қадам» Мұметова атындағы орта мектебінің оқушысы Ергали Аялым. Негізгі орта мектептер арасында I орын Жаңалық негізгі мектебінің оқушысы Дәулетбай Алия, II орын О.Көшевой атындағы негізгі мектебінің оқушысы Қалиева Райгуль иеленді. Жәңіппаздарды құттықтаймыз!!!!

**Б.МУХАМЕТЖАНОВА,**  
Аудандық білім бөлімінің әдіскері

# ҚЫЗЫЛША ЖҰҚТАСЫ



**Қызылша – бұл өте кең түрде таралған инфекциялық ауру. Көбінесе балаларда кездеседі. Белгілері: дене қызуының көтерілуі мұрынның, көздің және тамақтың шырышты қабығы қабығып, теріде бөртпелер пайда болады.**

Қызылша – ең жұқпалы аурудың бірі болып табылады. Бұл 100% жұқпалы ауру, яғни бұрын қызылшамен ауырмаған немесе егілмеген адам қызылшамен ауырған адаммен байланысқа түссе, қызылшамен ауыру қаупі жоғары болады.

Ауру себептері: Инфекция ауа жолы арқылы беріледі. Вирус сыртқы ортаға сөйлеген кезде түкірікпен, жөтелген, түшкірген кезде бөлінеді. Инфекция көзі - ол айналадағыларға 2 күн инкубациялық кезеңнен 4-ші күнгі бөртпелер шығып ауырған адам. Ал 5-ші күнгі бөртпелері бар адам жұқтырмайды деп саналады. Бұл аурумен ауырып жазылған адам өмір бойы иммунитетін сақтайды. Қызылшамен ауырған аналардан туылған балалар 3 айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені осы аралықта олардың қанында аналық

антиденелер сақталады. Бұл аурумен ауырмаған және егілмеген адамдар қызылшаны жұқтыруға бейім болады және өзінің өмірінде кез-келген жаста ауырып қалуы мүмкін.

Қызылшаның белгілері: Бұл аурудың инкубациялық кезеңі жұқтырғаннан кейін бірінші белгілері пайда болғанға дейін, яғни 7 күннен 14 күнге дейін созылады. Есте сақтайтын ең маңызды жайт ауру бөртпе шығудан басталмайды, ол суық тию белгілерімен басталады: дене қызуының 38-40 градусқа көтерілуі, әлсіздік, тәбеттің болмауы, құрғақ жөтел, мұрынның бітуі. Кейініректе конъюктивиттің (көздің шырышты қабығының қабынуы) пайда болады. Шамамен бірінші белгілердің шыққанынан 24 күннен кейін беттің шырышты қабығының (азу тістерінің қарсысында) ұсақ ақ дақтар пайда болады. Аурудың 3-5 күні ашық түсті бір-біріне өзара ұқсас кететін дақтар пайда болады. Ең алдымен олар құлақтың артында және маңдайда, содан кейін тез арада бет, мойын, дене және аяқ-қолға таралады. Ұсақ қызғылт дақтар тез арада үлкейіп, формасын өзгертіп, бір-біріне қосылып кетеді. Бөртпелердің қалың шыққан кезеңінен 2-3 күн өткеннен кейін дене қызуы 40.5°. қайта көтерілуі мүмкін. Бөртпелер 4-7 күн сақталады. Дақтардың орнында қоңыр пигменттер қалады, олар 2 аптадан кейін тері қайта таза болады. Инфекцияға қарсы ең қол жетімді және тиімді шара тек вакцинация.

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Ескелді аудандық СЭББ басшысы

# РЕФОРМЫ В КАЗАХСТАНЕ: ОТ НАМЕРЕНИЙ К ДЕЙСТВИЯМ



После стабилизации ситуации в стране после «январских событий» Президент Касым-Жомарт Токаев выступил в парламенте страны и предложил базовую программу реформ, которая направлена на решение политических и социально-экономических проблем во благо народа Казахстана.

Главный смысл экономических реформ исходит из необходимости национальной экономики в повышении благосостояния населения и справедливом распределении национально-экономического дохода. На этой основе Президент Токаев обозначил следующие ключевые принципы нового экономического курса страны: справедливое распределение благ и обязанностей; ведущая роль частного предпринимательства; честная конкуренция; открытие рынков для нового поколения предпринимателей; рост производительности; повышение сложности и технологичности экономики; развитие человеческого капитала; инвестиции в образование нового типа; «озеленение» экономики; охрана окружающей среды; ответственность перед обществом.

Был запущен процесс совершенствования налогообложения, землепользования и привлечения иностранной рабочей силы путем введения моратория на соз-

дание новых государственных компаний и субъектов квазигосударственного сектора, освобождения субъектов микро-и малого предпринимательства от уплаты налогов и введения запрета на их проверки уполномоченными государственными органами в течение 3 лет, отсрочки введения обязательной выплаты работодателями 5-процентного взноса в Единый национальный пенсионный фонд до 2023 года.

Был принят Указ «О мерах по снижению долговой нагрузки граждан Республики Казахстан», согласно которому правительству и Национальному банку было поручено погасить в банках второго уровня и микрофинансовых организациях задолженности по кредитам малообеспеченных граждан. Предоставлены возможности для заинтересованных граждан республики использовать свои пенсионные накопления на улучшение жилищных условий и оплату лечения. Внедрены механизмы субсидирования арендной платы и активизация работы по обеспечению коммуникациями земельных участков под индивидуальное жилищное строительство. Созданы 12 центров социальной реабилитации для лиц с инвалидностью.

Были проведены ключевые реформы в сферах здравоохранения

и образования. В сфере здравоохранения были заложены основы для того, чтобы медицина была одинаково доступна и развита в городах и сельских местностях.

В сфере образования произошло повышение заработной платы педагогам и преподавателям вузов, а также повышение размера стипендии для будущих педагогов.

Выработаны меры поддержки общеобразовательных школ для преодоления разрыва между городом и селом в сфере образования. Выделены 500 грантов ученым для прохождения стажировки в ведущих научных центрах мира. Все эти реформы наглядным образом демонстрируют, что высшее руководство Казахстана во главе с Президентом Токаевым поставили перед собой цель решить полностью политические и социально-экономические проблемы в стране. За последние годы Казахстан динамично развивается, а текущая программа реформ направлена на дальнейшее полномасштабное развитие РК.

Очевидно, что Президент Токаев своими реформами дал четко понять всем уровням государственной власти, что вся работа государства должна быть направлена во благо простых граждан и народа Казахстана. Задан курс на установление социального согласия, стабильности и атмосферы социальной справедливости.

**Д.КАРИПОВА,**  
Руководитель ОО «Центр поддержки женщин Ескельдинского района»

# МЕДИАЦИЯ - ВЫГОДНАЯ СДЕЛКА ДЛЯ СТОРОН



Судебная медиация - примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон. Споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных, и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, об уголовных проступках, если иное не установлено законами РК, и отношения, возникающие при исполнении исполнительного производства являются сферой применения медиации. Условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в соглашении о медиации. Медиация проводится на основе принципов: добровольности; равноправия сторон медиации; независимости и беспристрастности медиатора; недопустимости вмешательства в процедуру медиации; конфиденциальности. Стороны медиации вправе отказаться от медиации на любой ее стадии.

В ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта). Стороны свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения.

Медиация позволяет урегулировать спор таким образом, чтобы не было проигравшей стороны. Участники медиации не вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию.

Разглашение участником медиации сведений, ставших ему известными в ходе медиации, без разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию, влечет ответственность, установленную законами РК. Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности.

Поэтому, при проведении медиации между сторонами судья медиатор в интересах обеих сторон обеспечивает сторонам равное участие в процедуре медиации.

**Гульжазира САДАБАЕВА**  
Председатель Ескельдинского районного суда










# ЖЕЛТОҚСАН ҚҰРБАНЫ-ЕРБОЛ СЫПАТАЕВ



**Желтоқсан көтерілісі кезінде алаңда алған соққыдан көз жұмған жас — Ербол Сыпатаев болатын. Ол туралы деректер өте аз. Білетіміз, сол кездегі...**  
**Желтоқсан көтерілісі кезінде алаңда алған соққыдан көз жұмған жас — Ербол Сыпатаев болатын. Ол туралы деректер өте аз. Білетіміз, сол кездегі Талдықорған облысының Көктал ауылында 1964 жылғы дүниеге келген Ербол Желтоқсан көтерілісі тұсында Алматының энергетика институтының 2-ші курсына оқып жүреді. Одан әрі «ҚазақКСР Жоғарғы Советі президумының Алматы және Қазақстанның өзге облыстарындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына тиісті баға беру жөніндегі комиссия қорытындысы» (Алматы қаласы, 1990 жыл.) деректеріне көз жіберсек.**  
«Тағы бір қайғылы жағдай — алаңда басынан жарақаттанып, кейін қаза болған Алматы энергетика институтының студенті Е.М. Сыпатаевтың ісі. Оның әкешесі жоқ, туысқандары ғана бар. Бірақ олар Алматыға шақырылмаған. Қаза туралы анықтаманы ауруханадан МҚК қызметкері алады. Сосын ол милиция қызметкерлерімен бірге мүрде салынған табытты туысқандары тұратын жерге алып жүреді. Түн ішінде келеді, алдын ала хабарланған туысқандары оларды алдынан шығып күтіп алады. Оларға жігітті алаңда жаралы күйінде тауып алғандарын, ауруханада өлгенін, өлтірген адамның белгісіз екенін, қазір бұл іспен прокуратура айналысып жатқанын түсіндіреді. Прокуратура шынында да іс қозғады, бірақ ол оның өлімі туралы емес, оқиғаларға қатысы жөнінде еді, «айыпталушының» қазасына байланысты іс жабылады.»  
Шаяхмет Оразымбекұлы есімді азамат өз мақаласында («Заң» газеті, 14 желтоқсан, 1997 жыл, «Ол Алаңға өлім іздеп барған жоқ еді») Ербол Сыпатаев туралы бұрын соңды кездеспеген тың деректер ұсынады.  
«Сырт киімдері жыртылып, иықтарына тегілен шаштары қобыраған қос бойжеткенді ығына алып қорғаштай шегінген Ербол бұларға құтырған итше ақырып жетіп келіп, онды-солды келтегін сермеген сауыттыны аяқтан шалып құлатты да, қасындағыларға «тез қоршаудан шығалық» деп қолдарынан жетелеп, қарсыдағы көпқабатты үйлердің қалқасына қарай жүгірді. Бұлар қарулылар қоршауынан жүгіріп өтіп, тар көшенің бойымен төмен қарай түсе бергенде, арт жақтан естілген зілді дауысқа жалт қараса, қолдарында сапер күрегі бар екі формалы қуып келеді екен. Ербол қыздарға: «Ештеңеге қайырылмай тез жүгіріп, үлкен көшеге шығып кетіңдер» дегенше, өкшелеп келіп, көздеріне қан толған қаруы екеуіне бас салып, Ерболмен айқаса кетті. Қолына, иығына тиген күрек соққыларына қарамастан, арпалысқан Ербол оларға біразға дейін алдырмады. Ұзынтұрасын жамбасқа салып, алып ұрды. Тұра бергені сол еді, басына сарт ете түскен соққыдан әп-сәтте көзі қарауытып сала берді. Бар күшін жиып, тәніп келген екінші соққыға қолын төсеп үлгерді. Бірақ, аяғы тайғанап, сүрініп құлады. Осы сәтте орнынан әрең тұрып үлгерген ұзынтұра жүгіріп келіп, Ерболдың басына ауыр салып қалды. Қапыда қалған албырт жас гүрс етіп құлады. Аяушылық пен мейірімділік атаулыны ұмытқан әлге екеуі былапыт сөздерді қарша боратып, құлап түскен Ерболды аяусыз тепкінің астына алды. Ауыр соққылардан Ербол есін жоғалтты. Одан әрі не болғанын білмейді. Есін жиып, кірпігін көтеруге ғана шамасы келгенде, байқағаны — маңында тұрған ақ халатты дәрігерлер еді.  
Алдында тұрған ақ халаттыларға жолыны сеніп бара жатқан көздерін қадап жатып, ол «Қыздар құтылды ма екен?» деп ойлады. Оларға қарап жатып, ол «Мен алаңға өлім іздеп барған жоқ едім ғой», «Елім-ай, ертеңін не болар екен?» деп қиналды... 1986 жылы желтоқсанның жиырма үші күні Ербол Сыпатаев небәрі 22 жасында ауруханада жарық дүниеден қоштасты.  
Иә, ол Алаңға өлім іздеп барған жоқ еді...» Ербол Сыпатаев туралы осындай жүрек жарды естеліктер әлі айтыла жатар деген ойдамыз.

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН

# СВОЕ СЕРДЦЕ ОТДАЕТ ДЕТЯМ

**Дети – это одна треть населения нашей страны и все наше будущее. И от того, каким будет наше будущее зависит от нас с вами - от взрослых. Как мы их родные и близкие и не очень близкие, относимся к детям, к нашим детям, ведь чужих детей не бывает. Детей надо одевать, кормить, с ними надо играть, гулять, одним словом заботиться о них, воспитывать, и конечно – любить. И тогда дети будут спокойны, счастливы, здоровы. И наградой нам будет их улыбки, смех, взаимное уважение и любовь. А если нет этого всего? Если ребенок в трудной ситуации, если нет этой самой любви от родных и близких? Тогда как? Тогда на помощь приходят неравнодушные люди, для которых оказывать помощь не только профессия, но и веление сердца, просто по другому они не могут. Такой человек и живет, и работает в нашем поселке. Именно ей предназначаются сегодня наши слова искренней благодарности.**  
Очень тяжело видеть слезы в глазах, особенно, когда это глаза ребенка. Ребята, брат и сестра оказались в непростой жизненной семейной ситуации, еще и здоровье в силу бытовых условий не совсем соответствуют возрастным нормам. Любовь Николаевна Гасниченко по просьбе администрации школы, в которой учились дети, очень оперативно направила детей в санаторий, где дети поправили свое здоровье, отдохнули психологически. За это время работники РОП, в результате оперативно – розыскных мероприятий нашли маму детей. Вот так, благодаря слаженной работе Взрослых удалось улучшить жизненную ситуацию. И поэтому по поводу, администрация Карабулакской средней школы и весь педагогический коллектив искренне от всего сердца выражает свою огромную благодарность педиатру Карабулакской Центральной Районной Больницы Любови Николаевне Гасниченко за колоссальную помощь, за профессиональную отзывчивость. Любовь Николаевна - человек в котором сочетаются высокие профессиональные качества с золотыми руками и горячим сердцем.  
Она замечательный человек, добрый, отзывчивый и умеющий сострадать людям. Пусть Ваше отзывчивое сердце будет вознаграждено самыми щедрыми дарами природы: любовью, верой, дружбой, взаимопониманием и доверием! Пусть вернётся Вам добро теми благами, о которых мечтает Ваша душа. Гармонии Вам и счастья!

# НАВАРЛАНДЫРУ

«ҚР ҰЭМ ТМР Комитетінің Жетісу облысы бойынша Департаменті» РММ. Департамент жария тыңдауларды өткізеді.  
Қ.Р. Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2023 жылғы 15 желтоқсанда ауылдық өкімдіктердегі ауылдар бойынша өтетін Ескелді ауданының «Ескелді су құбыры» ШЖҚ МКК сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітуге арналған өтінімді қарау бойынша Жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:  
1.Бахтыбай а/о: Ельтай а., Өтенай а. – 9-00,  
2.Алдабергенов а/о: Алдабергенов а. – 10-00  
3.Қарабулақ а/о: М.Баусов а., Шымыр а., Ешкіөлмес а., Өркусақ а. – 11-30  
4.Кокжазық а/о: Кокжазық а., Тенлик а. – 14-00  
5.Кайнарлы а/о: Кайнарлы а. – 15-00  
6.Каратал а/о: Теректы а. – 16-00  
Жария тыңдауларға депутаттар, тәуелсіз сарапшылар, мемлекеттік органдардың, қызмет тұтынушылардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылады.  
«ЕСКЕЛДІ СУ ҚҰБЫРЫ» ШЖҚ МКК  
\*\*\*  
ОБЪЯВЛЕНИЕ  
РГУ «ДКРЕМ МНЭ РК» области Жетісу.  
Департамент проводит публичные слушания.  
Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Р.К. по области Жетісу, извещает о проведении публичных слушаний по рассмотрению заявки на утверждение тарифов и тарифных смет на услуги водоснабжения ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» Ескельдинского района, которые состоятся 15 декабря 2023 года по селам в сельских акиматах:  
1.Бахтыбайский с/о: с.Ельтай -с.Өтенай – 9-00  
2.Алдабергеновский с/о: с.Алдабергенова – 10-00  
3.Карабулакский с/о: с.М.Баусов, с.Шымыр, с.Ешкіөлмес, с.Өркусақ - 11-30  
4.Кокжазыкский с/о: с.Кокжазык, с.Тенлик – 14-00  
5.Кайнарлинский с/о: с.Кайнарлы – 15-00  
6.Каратальский с/о: с.Теректы - 16-00  
На слушания приглашаются депутаты, независимые эксперты, представители государственных органов, средств массовой информации, потребители услуг.  
Е. ЕРЕНШИНОВ,  
ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры»  
акимата Ескельдинского района  
И.о.директора

«ҚР ҰЭМ ТМР Комитетінің Жетісу облысы бойынша Департаменті» РММ. Департамент жария тыңдауларды өткізеді.  
Қ.Р. Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2023 жылғы 26 - 27 желтоқсанда ауылдық өкімдіктердегі ауылдар бойынша өтетін Ескелді ауданының «Ескелді су құбыры» ШЖҚ МКК сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітуге арналған өтінімді қарау бойынша Жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:  
26.12.2023 г.  
1.Қоныр а/о: Қоныр а., Коктобе а. – 9-00  
2. Акын-Сара а/о: Акын-Сара а. – 10-30  
3. Төленгут а/о: Жетісу а., Жандық а., Екпенді а. - 12-00  
4.Кайнарлы а/о: Тамбала а., Қоржынбай а. – 14-30  
5.Кокжазық а/о: Бөктерлі а. – 15-30  
6.Алдабергенов а/о: Жастар а., Жаналық а. – 16-30  
27.02.2023  
1. Сырымбет а/о: Сырымбет а. – 9-00  
2.Жалғызгаш а/о: Биғаш а. – 10-30  
Жария тыңдауларға депутаттар, тәуелсіз сарапшылар, мемлекеттік органдардың, қызмет тұтынушылардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылады.  
Е. ЕРЕНШИНОВ,  
«Ескелді су құбыры ШЖҚ МКК»  
директордың м.а.  
\*\*\*  
ОБЪЯВЛЕНИЕ  
РГУ «ДКРЕМ МНЭ РК» области Жетісу.  
Департамент проводит публичные слушания.  
Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Жетісу, извещает о проведении публичных слушаний по рассмотрению заявки на утверждение тарифов и тарифных смет на услуги водоснабжения ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» Ескельдинского района, которые состоятся 26-27 декабря 2023 года по селам в сельских акиматах:  
26.12.2023  
1.Конырский с/о: с.Коныр, с.Коктобе – 9-00  
2.Акын-Саринский с/о: с.Акын-Сара - 10-30  
3.Толенгутский с/о: с.Жетісу, с.Жандык, с.Екпенды - 12-00  
4.Кайнарлинский с/о: с.Тамбала, с.Коржынбай – 14-30  
5.Кокжазыкский с/о: с.Бөктерлі – 15-30  
6.Алдабергеновский с/о: с.Жастар, с.Жаналық – 16-30  
27.02.2023 г.  
1. Сырымбетский с/о: с.Сырымбет – 9-00  
2. Жалғызгашский с/о: с.Биғаш – 10-30  
На слушания приглашаются депутаты, независимые эксперты, представители государственных органов, средств массовой информации, потребители услуг.  
Е.ЕРЕНШИНОВ,  
ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры»  
акимата Ескельдинского района  
И.О. директора.

## “ЖЕТИСТИККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”

SHOP NOW

–ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ  
–ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ  
–SPORT /ГИМНАСТИКА  
–ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

<b>Меншік иесі:</b> «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор <b>Инкар Ерболқызы</b> <b>НҰРСҰЛТАНОВА.</b> Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	<b>Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru</b> Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Карабулақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1237 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
---	---	--	---	---	---	--